

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘТТІ СӨЗ ҒАНА ЕМЕС, ҰЛТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Әбіш КЕКІЛБАЙ

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

16 желтоқсан
бейсенбі

№100 (1802)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshtit.kz@mail.ru

30 жылдағы жетістік

Әлемдегі өзге мемлекеттермен терезесі тең өмір сүруге мүмкіндік алу – кез келген ұлттың ұлы мұраты. Биыл егеменді ел болып, Тәуелсіздік алғанмызға 30 жыл толып отыр. Осы ретте біз Тәуелсіздік атты кастерлі ұғымның Қазақ еліне бергенін тізбектеп отуді жөн санадық. 1986 жылғы Кеңес Одағының іргесін шайқалтқан Желтоқсан оқиғасынан түп-тура бес жылдан кейін Қазақ елі өзінің Тәуелсіздігін жариялады. Біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығының ірі 30 серпілісін былайша сабақтадық.



1991 жыл.

Осы жылдың 2 қазанында қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Токтар Әубәкіров ғарышқа сапар шекті. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін жариялады.

1992 жыл.

Мемлекеттің басты атрибуттары – рәміздерімізді бекітіп, дүниежүзіндегі ұлттық мемлекеттерді мойындайтын алып ұйымның төріне көк байрағымызды тігіп, БҰҰ-ның мүшесі атандық. 1992 жылы 17 қаңтарда



«Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» ҚР заңы қабылданды. 1992 жылы 7 мамырда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығына сай дербес әскеріміз құрылды. 1992 жылы шілденің 13-і күні Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті болып қайта құрылды. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік органының тарихы осы күннен бастау алды.

1993 жыл.

Тәуелсіз Қазақстан тұңғыш Конституциясын жариялады. Ең алғашқы басты құжаттың қабылдануы –



Тәуелсіздік жылдарындағы елеулі оқиғалардың бірі. 1993 жылдың 15 қарашасында Ұлттық валюта – теңгеміз шықты.

1994 жыл.

1 шілдеде екінші қазақ – Талғат Мұсабаев ғарыш көгіне көтерілді. Алғашқы валюта айырбастау пункттері пайда болды. Діни қызмет жанданып, мешіт, медреселер көбейе бастады. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» заң қабылданды.

1995 жыл.

1 наурызда қоғамдық ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту мақсатында Қазақстан халқы



Ассамблеясы құрылды. Осы жылы 30 тамызда бүкіл-халықтық референдум негізінде республика Конституциясы қабылданды.

1996 жыл.

Қазақ елі тұңғыш рет Олимпиада ойындарына қатысты. Атлантада өткен XXVI жазғы олимпиадалық ойындарда қазақстандық спортшылар үш алтын, төрт күміс, төрт қола медальға ие болып, 197 мемлекеттің арасынан 24-орын алды.



ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА 35 ЖЫЛ



АЗАТТЫҚ РУХЫ

Биыл желтоқсан оқиғасына 35 жыл болса, тәуелсіздік алғанмызға 30 жыл толып отыр. Бұл жылдар ішінде Қазақстан әлем мойындаған елге айналды. Осы уақытқа дейінгі жасалған дұрыс жұмыстардың басында қазақ тілін мемлекеттік тіл деп қабылдап, Семей сынақ-полигонын жауып, ядролық қарудан біржолата бас тартуымыз болатын. Әлем картасындағы тоғызғыншы территорияны иеленетін осынау ұлан-байтақ елімізде жер бетінде алғашқылардың бірі болып салынған «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан. Оның тарихы, қалыптасуы, дамуы түгел кеңестік кезеңде жүрді. Адамзат баласының алғашқы ғарышкері де осы жерден аспан әлеміне сапар шекті. Тәуелсіздік алып, егемендік еншілегеннен кейін өзімізден шыққан ұшқышты ғарышқа ұшыру бақыты да бұйырды. Бұл абыройлы міндет Токтар Әубәкіровке тапсырылды. Сөйтіп, Токтар Әубәкіров қазақтан шыққан алғашқы ғарышкер атанды. Одан кейін Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетовті азаматтарымыз зенгір көкке самғады. Елбасы бастамасымен ТМД, Келен одағы, ШЫҰ, Еуразиялық одақтар құрылды. Қазақстан халықтары ассамблеясы жұмыс жасап тұр.

Тәуелсіздік! Осы бір сөздің мағынасын терең түсініп жүрміз бе? «Біз тәуелсіз еліміз» деген сөзді естігенде қанша қазақтың көңілі толқып, жүрегі қаттырақ соғалы екен? Шын мәнінде бұл сөз айтуға ғана оңай. Ал оның астарында, түпкі мәнінде терең мағына жатыр. Отанды кастерлеу, елдің ынтымақ-бірлігін сақтау – сайып келгенде егемендікті көздің қарашығындай сақтайтын әр қазақтың міндеті. Сол себепті де әр қазақ баласы азаттықты жанынан артық кастерлеуі қажет. Өйткені тәуелсіздік бізге оңай жеткен жоқ, өздігінен келген жоқ. Егемендікті еншілеп, тәуелсіз ел атанамын дегенше қазақ халқының басынан небір нәубетті жағдайлар өтті. Бірақ соның біріне де мойымай бойымызға атаның қаны мен ананың сүті арқылы сіңген қасиетіміз Қазақ елін алға қарай бастай берді. Бір кездегі үш жүздің басын қосып, өз алдына хандық құрған Керей мен Жәнібекте де, ел бірлігін көздеген Асан қайғы мен Бұқар секілді жырауларда да, ақ киізге көтерген Абылайханда да, туған елін қорғап, туған жерін жауға тапталпаған Бөгенбай мен Қабанбайда да, тіпті Исатай мен Махамбетте де бір үлкен тылсым күш болды. Бұл күш қазақ халқы азаттыққа бастайтын рух еді. Сол азаттық рухы бәрібір қазақты бостандыққа бастары, ерте ме, кеш пе алаш баласының егемендік алатыны айқын еді. Ақыры сол рух 1986 жылғы желтоқсанда қазақ жастарының бойынан көрініп, 70 жыл бойы өз үстемдігін құрған кеңестік қызметтің мәңгі құламастай болып көрінген қабырғасын сөкті. Биыл ызғарлы күста тәуелсіздікке жол салған Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толып отыр.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі қала тұрғындары, ардақты ағайыны!

Баршаңызды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Ел егемендігі – ең алдымен ұлтымның ежелден бостандыққа деген асқақ рухының жеңісі. Ол кез келген ұлт үшін ең қымбат мұра десек, қазақ халқы үшін бабалардың асыл арманының орындалған сәті, Тәуелсіздіктің алтын ғасырына аяқ басқан мерейлі мезеті.

Бұл – ұрпақтарымыздың ұлы болашағы үшін, халқымыздың теңдігі мен тәуелсіздігіне жол ашылған кастерлі күн.

Бұл – тіліміз бен дініміз, дәстүр-салтымыз бен әдет-ғұрпымыз қайта жаңғырған, тарихымызды түгендеп, елдігімізді талайға мойындатқан ұлы күн.

Бұл – ұлтаралық татулық пен дінаралық келісім салтанат құрып, көзқарастары мен пікірлері сан алуан дүниенің дүйім жұртын бір мақсат, бір мүддеге жұмылдырып, шекараны шегендеп, тату тірлігін әлемге паш еткен күн.

Алдымызда халықтың бірлігін сақтап, татулықты одан әрі нығайту, ұлттық рух пен туған тілімізді, ата-баба дәстүрін дәріптеп, ұрпағымыздың бақытты болашағы жолындағы игі істерге жұмсау міндеті тұр.

Құрметті жерлестер!

Елдік пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні Сіздерге игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ганибек ҚАЗАНТАЕВ

ҰРПАҚҚА ҰЛЫ АМАНАТ

Қай заманда да, қай уақытта да әр адам, әр қоғам болашағына алаңдап, жақсылыққа жорып, аңсай күткен. Қазақ халқы да тарихтың ойлы-қырлы беттерін жүрегінде сақтап, тарих бетінде ізі қалатын белестер шағында қобалжығаны рас. Өмір ағымына қарай өзгеріс болуы да шарт. Осындай өзгерістердің бірі ел тарихында алтын әріптермен жазылған – Тәуелсіздік.

Биыл еліміз етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес те азат мемлекетке айналып, тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 30 жыл. Бұл – елдің еркіндігімен баға жетпес байлығы. Ең құдіретті сөз. Қазақстан 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап әлемдік қауымдастықтың беделді қатысушысы ретіндегі жас ел тарихының жаңа беттері басталды. Содан кейін дүние керемет өзгеру жолында болса да, бірақ біздің алдымызда ұлттық идеяны сақтап, тарихи мұра, құндылықтардың қасиетін жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа аманат ету міндеті тұрды. Ел маңдайына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай Президент бұйырып, аталған мақсат-міндеттермен қатар жеріміздегі ұлтаралық келісім, саяси тұрақтылық, ынтымақтастықты сақтай отырып, көптеген нәтижеге жетіп, еліміз біраз қиындықты енсеріп, дамудың даңғыл жолына түсті. Жас мемлекет аз-кем қателіктерге мойынсұнбай, жолынан жаңылмай алға қадам баса берді.

3 БЕТТЕ



«ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТІМНІҢ ДЕ МЕРЕЙТОЙЫ»

Назым бүгін үйдегі бар азық-түлікпен кешкі ас дайындады. Ыдыс түбіндегі күнбағыс майын қазанға сарқып құйды. Осыдан екі ай бұрын жолдасының айлығына жаздырып алған бағасы базар нарқынан екі есе қымбат ұн да таусылуға айналды. Ұн ғана емес-ау, картоп, қант, шай, май және тағысын-тағылар түгел таусылды. Ас үйдегі шағын шкаф сөресі жылан жалағандай. Ет дегенді ұмытқалы қашан?! Енді не істемек керек. Бір отбасын асыраған жолдасының табысы да айдан-айға созылып кешігіп жатыр.

Неке сақинасы! Назым өзі ойлап тапқан бұл шешіміне қуанды. Бала күтімімен отырған жас ана саусағындағы неке сақинасын айналдыра қарап қояды. Саусағынан айналдырған сайын уақытты артқа шыр айналдырып, бәрі көз алдынан кино лентасындай зыр жүгіруде. Студенттік шақ, махаббатқа толы сол жылдар, үйлену тойы... Бұл жай алтын сақина ғана емес, жастық шағының, шаңырақ көтерген жас отбасының бойтұмарындай. Иә, ол кезде неке жүзін алудың өзі қазіргейдей оңай емес. Екі-үй ай бұрын тапсырыс беріп қою керек. Ең бақытты күнінде тағылған бұл жүздікті бір сәтке шешкен емес. Ертен мұны да өткізіп, үйге там-тұмдап азық-түлік алмақ. «Аман болсақ, әлі талай сақина да болар» деді Назым өзін-өзі жұбатып. Неке жүзінің бағасы туралы сәл кейінірек...



4 БЕТТЕ

ТӘУЕЛСІЗДІКтің АРҚАСЫ...

(ТОЛҒАУ)

Толғауда толғау, толғау бар,
Өлімнен қорықпас арландар.
Тәуелсіздік үшін жан қиып,
Алау боп мұзда жанған бар,
Боздақтар жастық армандар,
Батыр боп мәңгі қаландар!
Асылын сөздің өрейін,
Бұлбұлдай сайрап көмейім.
Желмая мінген Қорқыттай,
Аралап жырды көрейін.
Қобыздай аңырап төгейін,
Өлеңмен елді өбейін.
Азаттық менің ақ арым,
Жолыңда сенің өлейін!
Мың өлдік сенің жолыңда,
Мың тұрдым қылыш қолымда.
Зарыға жеттік біз саған,
Орындалды арман соңыңда.
Қанатым талай қаңырылған,
Қайтысып белде майырылған.
Тәуелсіздік үшін жан қиғам,
Ақ арым сенен айырылман!
Ақын боп бүгін самғадым,
Болсын деп аман жан-жағым.
Тәуелсіздікке – 30 жыл,
Шауып ғып жырды арнадым,
Қатардан мен де қалмайын,
Алаулап неге жанбайын.
Елдігім берік болсын деп,
Тілекті аппақ арнайын!
Өмір ғой, өмір, өмір бұл,
Қолдасын әркез Тәңір дүр.
Тәуелсіздікті толғайын,
Ақындай шалқын көңіл тұр,
Қиялдың ашып сарайын,
Кеудеме жырды төгілдір!
Көңілде құрғыр алаң бар,
Болмасын сұмдық замандар.
Дүниеде түрлі даулар бар,
Алартпасын көзін жамандар.
Осыдан елді сақтасын,
Бір Алла қолдап, жақтасын.
Дүние – түлкі алдамшы,
Ол үшін арын сатпасын!
Отаным бар да, мен бармын,
Бийкілн әрі заңғармын.
Тәуелсіздікті аялап,
Арайлап атсын алдан күн!
Отаным алтын мекенім,
Өзіңді жырлап өтемін.
Шындықты неге айтпайын,
Ұлымның бақытты екенін!
Сарыарқа төсі Ақ ордам,
Саттанат құрып жаңарған.
Нұр-Сұлтаннан бастау алады,
Бағдарлы Жолдау мол арман.
Татулық, бірлік, ынтымақ,
Орын алсын биік санаңнан!
Есіл боп бүгін есілем,
Арқаның аққан төсінен.
Қызылорда тұран төрінде,
Қалмаған уақыт көшінен.
Жырдария боп көсілем,
Еркелеп Сырға өсіп ем.
Сыр бойы сұлу мекенім,
Көргеннің кетпес есінен!
Көңілім тасып шалқыған,
Бақыттан бойым балқыған.
Тәуелсіздіктен айналдым,
Жұпар сезімдей аңқыған.
Асығым түскен алышдан,
Қаймықпан әсте шаршыдан.
Қазақ деген айбарлы ел,
Тақ шайққан небір талқыдан.
Тәуелсіздіктің арқасы,
Хабардар әлем
Қазақстан даңқынан!

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ



Соңғы екі жылда корона-вирус инфекциясы бүкіл әлемді бір күнде үйге кіргізіп, кімнің кім екенін, оның ішінде «дәрігер» деген мамандықты мойындады.

Тұмшаланған дәрігер, тынымсыз қоңырау, сағат сайын түсіп жатқан наука, минут сайын тексеріс – аурухананың бүгінгі көрінісі. Көп бейнәлі облыстық ауруханаға біраздан бері келуім. Қазір бұрынғыдай емің-еркің кіріп шығу жоқ. Бөгде адамның кіруіне қатаң тыйым салынған. Қызметкердің өзі тексерістен өтеді.

Аурухана іші арпалысқан өмір. Әр науқастың өміріне араша түсу үшін ақ халаттылар жан ұшыра жүгіріп жүр. Қауіпсіздік үшін киген ауа өткізбейтін «сауытты» алқымынан алса да, көздірік алды буланса да әр жанға өмір сыйлауға бел буған. Антына адал дәрігерлердің қарусыз майдандағы осындай қалтқысыз еңбегі қандай құрметке де лайық.

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНА ҮЛКЕН МҮМКІНДІК СЫЙЛАДЫ

Кейіпкеріміз Әлия Исаева 1991 жылдан бастап, облыстық ауруханада анестезиолог-реаниматолог болып қызмет істейді. Алтын қолды дәрігер 30 жылдан бері талай адамды ажал аузынан құтқарып, саналы ғұмырын осы салаға арнап, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген абзал жан. Ол дәрігерлер отбасында дүниеге келген. Әкесі Варлен Исаев лор дәрігері болса, анасы Иралия Валиева инфекционист дәрігер болды. Бір айта кетерлігі, кейіпкеріміз белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы ғалым Иса Токтыбаевтың туған немересі. Кейіпкеріміз атасының ұлы тұлға болғанын мақтанышымен еске алды.

– Мен асылдың сынығы, тектінің тұяғымын. Оны әрқашан мақтан етіп, жүрген жерімде айтамын. Бақытты жанның бірімін. Атамның ерен ерлігі мен еңбек жолына тоқталмай кетсем ағаттық болар. Олар болмағанда біз де болмас едік. Атам – Иса Токтыбаев 1918 жылы Перовск жұмысшы, солдат, шаруа депутаттар кеңесінің басшысы Иосиф Герждолдың жергілікті халыққа жасаған озбырлығына қарсы шыққан жан. Ол Түркістан автономиялы советтік социалистік республикасы Орталық Атқару Комитетінің барлық шақырылымдарына мүше болып сайланған белгілі қоғам қайраткері. Республикалық Қырғыз Қазақ Ғылыми Комиссиясы мен көшпенді халыққа білім тарату жөніндегі комиссияның төрағасы, қазақ халқының тұңғыш ғалым философының бірі. Қазақ баспасөзінің қарапайым болған «Ақ жол» газетінің редакторы, «Коммунист», «Шолпан», «Сәуле», «Сана», «Шаншар» журналдары мен жастардың «Жас қайрат» газетінің редакторлығы қызметтерін қоса атқарған белгілі журналист. Атам Иса Токтыбаев 1894 жылы 13 желтоқсанда Сырдария ауданының Қараөзек ауылында дүниеге келген. Оның еліміз үшін істеген әрбір ерлігі, табандылығы, білімі барлығы бізге үлгі. Ол патша тақтан құлаған соң, М.Тынышбаев, С.Асфендиярұлы бірге 1917 жылы Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының жалпы съезіне қатысады. Осы съезде олар Түркістан өлкесінің медицина саласының орталық кеңесін құрады. Жанадан ашылған Сырдария облысының орталық атқару кеңесіне С.Өтегенов, Ө.Көтінбаров, И.Қасымов, Т.Рысқұлов, С.Кожановтармен қатар И.Токтыбаев та мүше болады. Ал М.Шоқай осы кеңестің төрағасы болып сайланып, оның жалпы жұмысына басшылық етеді. Сөйтіп, олар Қызылорда облысындағы ұлттық ұйымдардың атауын Қазақ-қырғыз кеңесі деп өзгертті. Менің атам совет үкіметінің алғашқы жылдарында қазақ мамандарын даярлауда ерекше еңбек сіңірген жан. Оның қазақ елі үшін төккен тері

мен ерен еңбегі ұрпағы біздерге мақтанш. Міне, мен осындай кемелер тұлғадан тараған текті ұрпақпын, – деді кейіпкеріміз тебірене отырып.

Әлия Варленқызы әңгімесінің басында ойын орысына жеткізетінін айтқанымен сұхбат барысында бастан-аяқ қазақша сөйледі. Бұл да қазақ қызының бойындағы тектілігін аңғарта керек. Әсіресе атасының ерлігін айтқанда ерекше тоқыныста отырып, кеудесін мақтанш кернегенін бірден аңғаруға болады. Бүгінде кейіпкеріміз бір емес екі бөлімнің жұмысын қатар алып жүрген білікті маман. Ол ота жасау бөлімінің меңгерушісі. Бұл бөлімше – хирургиялық қызметтің жүрегі десек, артық айтқандық емес. Мұндағы мамандар хирургтармен күндіз-түні жұмыс істейді. Науқастарға тәуліктің кез келген уақытында көмек көрсетеді. Олардың жұмысы көзге көрінбегенімен, оларсыз ешбір отаны жүргізу мүмкін емес. Сондай-ақ 2000 жылдан бері трансфузиологиялық кабинеттің бөлім меңгерушісі қызметін атқарады. Онда қан компоненттерін сақтау және беру, трансфузиялардың негізділігін сақтауды және тиісті құжаттаманы жүргізуді бақылайды. Сонымен қатар түнгі уақытта және мереке күндері шұғыл науқастарға қаннан топтық және резус-тістілігін анықтау кіреді. «Донор өмірді құтқарайы», осы ұранмен қан орталығы бүгінге дейін жұмыс істеп келеді.

Қызылды-жасылды қызығы көңілден кетпес мынау жарық дүниеде адамның бірінші байлығы денсаулық екені даусыз. Бас ауырып, балтыр сыздай қалса, денсаулық сақшыларының көмегіне мұқтаж болып, жанымызға сая іздейміз. Әлемде анестезиологтарды науқасты ота кезіндегі ауырудан құтылу жолын тапқан дәрігерге теуеп, ерекше құрмет көрсетеді.

– Алғаш еңбек жолымды 1991 жылы облыстық ауруханадан бастадым. Біз студент кезде тәжірибеден өту үшін ауруханаға көп баратын едік. Сол кезде жас болсақ та үлкен жауапкершілікті сезінетінбіз. Бүгінде ой елегінен өткізіп, саралай қарасақ, тәуелсіздік алғанға дейінгі және алғаннан кейінгі медицина саласының айырмашылығы жер мен көктей. Әрине, оған дейін де жаман болған жоқ. Десе де бұл саланың кеңейіп, биік белесті бағындырған кезі тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең. Оған дейін медициналық құрал-жабдықтар тапшы болды. Сонымен қатар күрделі оталар еліміздің белді қалаларында ғана жасалды. Ал қазіргі кезде барлығы да түбегейлі өзгерген. Бүгінде әр өңір науқастың ауруын толық және дәл анықтап, күрделі отаны өздерінде жүргізеді. Бүгінде барлық ауруханалар мен емханалар медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған. Қазір халыққа

сапалы қызмет көрсетуге толық мүмкіндік бар. Бұрын дәрігерлер білімін жетілдіру үшін еліміздің ірі қалаларына баратын. Ал қазір біліктілігін шет елдерде арттырып, тәжірибесін одан әрі шыңдауда. Мұның өзі тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктің бір парасы. Осы жылдар ішінде Прагаға, АКШ-қа, Ресейге барып, тәжірибе алмасып келдім. Мұның өзі біз үшін үлкен жетістік. Әрине, адам өміріне тікелей жауапты болған соң қиындықпен бетпе-бет келеміз. Жағдайы ауыр, бірақ үміт үзбей ота жасап, науқасты құтқара алмай қалғанда мықты болуға тырысамыз. Біз де етпен сүйектен жаралған адам баласымыз ғой. Ондай жағдай бізге де оңай соқпайды, – деді кейіпкеріміз.

«Сұлулық – саулықта» деген сөз бар емес пе. Соңғы жылдары қатерлі індет алқымнан алғанда өмірдегі ең маңызды дүние – денсаулық екенін көп адам ұғынғандай. Дем жетпей киналған науқас тек дәрігерге ғана үміт артты. Ал дәрігерге сол сенімнен шығу – ең басты міндет. Жағдай белгілі, қазір ауруханаға түсетін науқастар саны тым көп. Тіпті науқас қабылдау үлгермей жататын, кезекшіліктен шаршап-шалдығып шығатын уақыт. Одан кейінгі анализ қабылдау, талдау жасау, ем тағайындау секілді бітпейтін процестің арасында жүріп кейіпкеріміз өзін де ұмытып кетіп жатады.

Бүгінде кейіпкеріміз отбасымен жұмысты қатар алып жүрген сүйікті жар, аяулы әже. Өмірлік жары – Күнболат Шүкіров. Ол да тәжірибелі хирург. Бүгінде ақ халатты абзал жандар немере сүйген ата-әже. Отыз жылда 15-20 мыңға жуық адамға наркоз беріп, адам өміріне жауапты болған кейіпкеріміз қанша қиын оталар, тез қабылданатын шешімдер кездесе де барынша мұқият болып, жан-жақты тексеруді әдетке айналдырған. Қазіргі кезде күн сайын кем дегенде үш-төрт отаға қатысып, науқастың жағдайын тікелей бақылайды. Әрине, осындай тәжірибелі маманды өз ісінің білгірі деуге әбден лайық.

Әлия Варленқызының еңбегі еленіп, ардамык биіктен көрініп жүр. Ол «Денсаулық сақтау үздігі» төсбелгісінің иегері. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «COVID-19 індеті кезінде жанқиярлық ерлік пен қайырмдылық көрсеткені үшін, «Ақ жол» демократиялық партиясының медалімен марапатталды. Бір сөзбен айтқанда, нағыз адам өмірінің қорғаушысы.

Жалпы дәрігер болу – адамға жарық сыйлау деген сөз іспетті. Сондықтан тек ісімен ғана емес жүрегімен емдей білетін Әлия Исаева сияқты ақ халатты абзал жандарымыз көп болса екен деп тілейміз.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

«ОТЫЗ ЖЫЛДА ҚАНШАМА ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕДІМ»



Жас мұғалім Бибіхауа Байманова бүгінде тәжірибелі ұстаз.

Ол Темірбек Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейінің физика пәнінің мұғалімі. Осы отыз жыл ішінде талай шәкірттің томағасын сыпырып, білім көкжиегіне қанат қақтырды. Ұлағат несі туған өлкенің оқу ағарту ісіне айтарлықтай үлес қосып келеді.

Жоғары санатты педагог-зерттеушінің білім саласындағы жетістігі аз емес. 2015 жылы Қазақстан Рес-

публикасы «Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін иеленді. Білім саласындағы нәтижелі еңбегі үшін «Қызылорда қаласына – 200 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды. Оған қоса облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасы мен қала әкімінің алғыс хаты да бар.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, бағытынан таймасы анық.

Кейіпкеріміз әрбір шәкіртінің жеңісіне балаша қуанып, марқайып отырады. Қаншама шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Олардың қатарында – Колхозбай Абылайхан, Нұрсұлтан Рысқұлов ішкі істер саласында қызмет етсе, Гүлжазира Әлиаскар, Айгерім Қаржаубаева ұстаздық жолын тандады. Әмірхан Мұханбетқали, Жамал Еркембай

медицина саласының білікті мамандары атанды. Былтырғы оқу жылында ҰБТ-дан шәкірті Дильназ Алмакызы 137 ұпай жинап үздік атанып, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде физика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алуда.

Ұстаздың бағындырған биігі аз емес. 2019 жылы физика пәні бойынша халықаралық педагогтар ассоциациясы ұйымдастырған қашықтан өткен олимпиадаға қатысып І дәрежелі диплом иегері атанды. Дәл осы жылы «Қазақстан ұстаздары» қоғамы ұйымдастырған республикалық қашықтан ұйымдастырылған олимпиадада І дәрежелі дипломмен марапатталды.

Пәндік семинарларға арналған авторлық бағдарламасының жөні бір басқа. Атап айтсақ, «Қазақстандық білім моделі» жанарылған білім беру мазмұнымен атты әдістемелік құралы, «Педагог мәртебесін көтеру – ортақ іс» тақырыбындағы рес-

публикалық мұғалімдер конференциясына байланысты мақаласы жарияланып, дипломмен марапатталды. «Мәртебелі маман – 2017» республикалық байқау жеңімпазы атану оның білімі мен білігін паш етіп тұрғандай. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұйымдастырған педагог қызметкерлерінің сараптамалық сайысына «Физика және экология» атты авторлық бағдарламасы ұсынылып жоғары бағаланды. «Дара тұлға», «Қазақ ұстазы» республикалық ғылыми-ақпараттық танымдық педагогикалық журналдарына танымдық мақалалары жарық көрді.

Осыныша жетістіктің артында білімге деген құштарлық айқын сезіліп тұр. Бұл – тынымсыз еңбектің нәтижесі. Өзінің айтуынша, елдің аман-дәулеті, жердің тыныштығы тәуелсіздігіміздің баянды болуы басты бақыт. Бұл бір ұстаздың емес, бүкіл ұлттың тілегі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

30 жылдағы жетістік

1997 жыл.



20 қазанда Президенттің Жарлығымен бұрынғы Ақмола қаласы Қазақстанның астанасы болып жарияланды.

1998 жыл.

Барлық заңның қайнар көзі болып табылатын Ата Заңымызға толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп,



«Қазақстан – 2030» стратегиялық жоспары ресми түрде қолданысқа енгізілді.

1999 жыл.

25 ақпан мен 4 наурыз аралығында Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш халық санағы өтіп, елде 14953100 адамның тұратыны және халықтың 10 жыл бұрынғы көрсеткіше қарағанда 7,7 процентке азайғаны байқалды.

2000 жыл.

Білік механизмдерін жетілдіру мақсатында осы жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының тәуелсіз сөз жүйесін күшейтеу жөнінде» Жарлық қабылдады.

2001 жыл.

27 наурызда Каспий құбыр консорциумын толтыру басталып, «қара алтын» экспорттың көлемі ұлғайды. 22 қыркүйекте Қазақстанға Рим Папасы Иоанн Павел II және осы салтанатты көруге әлемнің 30 елінен 300 мыңдай христиан келді.

2002 жыл.




Осы жылы еліміздің рухани орталығы Түркістан қаласында қазақтардың екінші Бүкіләлемдік құрылтайы өткізілді.

2003 жыл.



Қазақстан Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымына мүше болды және Ресейде Қазақстан жылы аталып өтті. ҚР «Жер» кодексі қабылданды.

2004 жыл.



Президенттің «Ақорда» жана резиденциясы ашылды.

2005 жыл.

Қазақстан халқы президент сайлауын өткізді. Саяси көзқарастары әртүрлі үміткерлер бақ сынаған сайлауда Тұңғыш Президент 91,15 процент дауыспен халықтың сеніміне ие болды.



Токтар Әубәкіров қазақстан шыққан алғашқы ғарышкер атанды. Одан Талғат Мұсабаев пен Айдын Айтмбетовтей азаматтарымыз зенгір көкке самғады. Елбасы бастамасымен ТМД, Кеден одағы, ШЫҰ, Еуразиялық одақтар құрылды. Қазақстан халықтары ассамблеясы жұмыс істеп тұр.

Өткен тарихқа үнілсек, қазақ даласында үш жүзден астам ұлт-азаттық көтерілістер болған екен. Барлығына түгел тоқталмасақ та Кенесары ханның патшалы Ресейге қарсы он жылдан астам уақытқа созылған соғысын, Исатай мен Махамбеттің көтерілісін, Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық күресті атап өтуге болады. Желтоқсан оқиғасы – осы ұлт-азаттық көтерілістердің жалғасы.

Қазақ халқын басқа біреудің билеуіне бермей, сол кезеңде жастар «қазақты қазақ қана билесін» деген ұранмен

мен толықтырулар енгізілген «Менің Қазақстаным» әні мемлекетіміздің Әнұранына айналды.

Биыл желтоқсан оқиғасына 35 жыл болса, тәуелсіздік алғанмызға 30 жыл толып отыр. Бұл жылдар ішінде Қазақстан әлем мойындаған елге айналды. Осы уақытқа дейінгі жасалған дұрыс жұмыстардың басында қазақ тілін мемлекеттік тіл деп қабылдап, Семей сынақ-полигонын жауып, ядролық қарудан біржолата бас тартуымыз болатын.

АЗАТТЫҚ РУХЫ

Алматыдағы алаңға шыққан еді. Ал қазақты қазақ қана билеу керектігі, қазаққа қазақтан басқаның уәжі жүрмейтіні сол кезден-ақ аян болатын.

Бойында қазақтың қаны бар, жүрегі «Мен қазақтың» деп соғып тұрған азаматтар кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйенің ұзақ жылдар Қазақстанды басқарған Дінмұхамед Қонаевты бір күнде ауыстырып, орнына Колбинді әкеліп қойғанына шыдамады. Басқаның бәрине көнсе де қазақтай бүтін бір ұлысты өзге ұлттың өкілі басқаруына жол бере алмады. Алматыдағы орталық алаңға сол кезде жастар көптеп жиналып, бейбіт шеру жасап, өз ойларын білдіріп басты. Бұл 1986 жылғы 16 желтоқсан болатын. Иә, тек өз ойларын ғана айтқан, бейбіт шеру жасап пікірлерін білдірмек болған жастарды мұздай қаруланған кеңестік әскер күшпен тарқатты. Жастар жаза қолмен БТР-лерге қарсы шықты. Көз алдарында Сәбира мен Ләззат секілді жәудіреген қарақөз қыздарының шаштарынан тартып, желтоқсанның қаһарлы суығында мұз үстінде сүйреп бара жатқан бақайшағына дейін қаруланған қанышпаз әскерлерді көргенде, бейбіт шеруге шыққан топтың ішіндегі ержүрек ұландар қарап қала алмады. Оққа қарсы кеудесін тоса құтқармаққа ұмтылды. Олардың ішінде желтоқсаншылар арасынан алғашқы құрбандық болған Ербол, «Атам десең атыңдар» деген Қайрат сынды батырлар бар еді. Желтоқсаншылар тәуелсіздік жолындағы жүздеген ұрыста қазақ үшін жандарын қиып кеткен бабалар ерлігін қайталады. Ақ маңдайлы арулар, жігерін ту еткен арыстай жігіттер бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік Әнұранына айналған Жүмекен Нәжімеденов сөзін жазып, Шәмші Қалдаяқов әнін шығарған «Менің Қазақстанымды» тікден-тік тұрып орындаған да болатын. Бұл ән жастардың жүрегіне жалын ұялатып, тәуелсіздікке бастаған жыр еді. Тарих шындығы бәрібір ашылады. Бұл өлеңнің қазақ халқын біріктіріп, рухандыратын жыр екені осыдан-ақ көрініп тұр. Ақыры, Елбасының бастамасымен ішінара өзгерістер



Әлем картасындағы тоғызыншы территорияны иеленіп жатқан осынау ұлан-байтақ елімізде жер бетінде алғашқылардың бірі болып салынған «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан. Оның тарихы, қалыптасуы, дамуы түгел кеңестік кезеңде жүрді. Адамзат басының алғашқы ғарышкері де осы жерден аспан әлеміне сапар шекті. Тәуелсіздік алып, егемендік еншілегеннен кейін өзімізден шыққан ұшқышты ғарышқа ұшырау бақыты да бұйырды. Бұл абыройлы міндет Токтар Әубәкіровке тапсырылды. Сөйтіп,

Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік рәміздеріміз бекітіліп, шекарамыз шегенделді. Бүгінде ел тізгінін ұстаған Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанды жана белеске, жана шыңға шығару жолында еңбектенуде. Жаратқан Алла жар болса, күллі әлем халықтары таңдана қарайтын Мәңгілік Қазақстанды құрамыз әлі. Тек тірлігіміз берекелі, ісіміз баянды болсын!

Қазақты азаматтық, егемендіктің, тәуелсіздіктің рухы алға бастай басын!

Әзіз ЖҰМАДІЛДҰҰЛЫ

Басы 1-бетте

ҰРПАҚҚА ҰЛЫ АМАНАТ

Ғарыш айлағына қазақ азаматы көтеріліп, ұлттық теңеміз айналымға шығып ел ішіндегі жақсы жаңалықтармен қатар, Семей ядролық полигоны жабылды. Сондай-ақ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қосылды. Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі атанып халықаралық деліміз артты. Қазақстан белді де ауқымды халықаралық ұйымдарға қатысушы ғана емес, біршама ұйымдардың төрағалығын сәтті атқара білді. Мемлекеттің экономикалық, географиялық, ұлттық, демографиялық қарым-қатынасының даму көрсеткіші мен жетістігі тұрақтылық, мемлекет имиджі қалыптасты. Ауыз толтырып, мақтанышымен айтар көптеген жақсы да жағымды қазіргі заманға тура келуді де көңіл қуантады. Осылайша Қазақстан халқы ұлы тарихтың иесі атануға лайықты қадим жасап, бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің «алтын ғасырына» көш бастады.

Қаншама нәубетті бастан өткеріп, қиындық пен жоқшылық қатар келген 90-жылдары елдің тізгінін қолына мықтап алған тұңғыш президент есімі тәуелсіздігімізбен қатар жүретін екі ұғым деуге әбден болады. Бабалардың ерен еңбегімен мұра болып қалған жерімізде Ахмет, Әлихан, Мағжан сынды ұлылардың алаш туы астында ел болуды, мемлекет құруды армандағаны әлімақтан белгілі.

Иә, отыз жылдық белесте жеткен жетістікте, толағай табыс та жетерлік. Ендігі кезек көзі ашық, көкірегі ояу, білім мен ғылымды игерген, тәуелсіз елдің еркін ұрпағында. Демек тәуелсіздік – ұрпаққа ұлы аманат. Еліміздің есімі әлемге мәшһүр болып қана қоймай, Тәуелсіздіктің арқасында өшкеніңіз жаңғырып, тарихымыз таныла түсті. Осыныша бастамалар мен атқарылған дүниелер еліміздің тұтқасын ұстап жастар үшін. Қоғамның қозғалушы күші жастар игілігіне халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бастау алды. 2019 жыл «Жастар жылы» деп аталды, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жастар саясатына арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты біртұтас ұлттық жоба әзірлеуді тапсырды, Президенттің кадрлық резерві жасакталды, түрлі деңгейдегі Жастар ресурстық орталықтары бой көтерді. Мұның барлығы мемлекет тарапынан жастар қолдаудан кенде емес екенін аңғартады. Міне, осындай жастарымызға іргеміз бүтін, еңсеміз көтеріңкі қалпында ұлы дала төсіндегі ынтымақ пен берекені бұзбай келер буынға тапсыру міндеттеледі. Тауада ғана Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында жас ұрпаққа үндеу жолдап, жана дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жинағын ұсынды. Басты құндылығымыз егемендікті әрі қарай баянды ету жолындағы маңызды да жауапты ортақ міндетте жоғарыдағы жеті тұғыр жастарға бағдаршам іспеттес болады. Тайға таңба басқандай анық та айқын жазылған бұл құжат әрбір азаматтың жандына сақталуы тиіс.

Бүгінде біз 30 жыл ішінде жеткен жетістіктердің, орындалған максаттардың, шешілген сауалдардың маңыздылығын бағалай отырып, болашаққа сеніммен қарай аламыз. Тәуелсіздік бір рет жариялаумен шектеліп қалмай, күнделікті еңбекпен, тынымсыз тірлікпен жалғасатынын естен шығармайық. Мәңгілік ел болу жолында тарих толқынындағы қиындықтарды естен шығармай, ортақ арман, бірегей идеяны жүзеге асыру үшін жудырықтай жұмылу асыл борышымыз. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы тұғырлы да баянды болсын. Елдігіміз ғұмырлы, мәңгілік еліміздің келбеті сәнді, Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен ұлт ұрпағының еңесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін.

А.МҰСАБАЕВА,
қалалық мәслихат депутаты,
Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің директоры.

Басы 1-бетте

Тәуелсіздік күні қарсаңында Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінде «Тәуелсіздік қырандары» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.



ЖЕЛТОҚСАНШЫ ҚЫЗ

«Желтоқсан бірде,
Ел тосқан түрде,
Келетін мүлде жайдарлы.
Сол жылы бірақ,
Әдеттен жырақ
Көріңді шын-ақ айбарлы.

Тондырды мені,
Тондырды сені
Желтоқсан желі ызғарлы.
Солдырды күлді,
Ондырды нұрды
Көңілде мұңды із қалды»

Иә, ақын Әбдірахман Асылбековтің осы өлең жолдары күллі қазақ баласына рух беріп, әлі күнге жұрт жадында жаңғырып тұр. Сонау 1986 жылы Алматыдағы қазіргі Республика алаңында орын алған желтоқсаншы жастардың көтерілісі ел есінде ескірмек емес. Бұл көтеріліске негіз болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1 хатшылығына Колбиннің келуі еді. Алаңға жиылған жастардың талап-тілектері аяқасты болып, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. Алды абақтыға жабылды. Сол ызғарлы оқиғаның ортасында болғаның бірі – Сауле Иманғалиева.



– Оқиға күні кешегідей көз алдымда. Кешкі асымызды ішіп, сабаққа дайындалып отырғанбыз. Кенет жатақхана іші абыр-сабыр болып кетті. Кім қайда? Неге бара жатыр? Ешкім ештеңе айтпады. Ертеніңе аздаң алаңға ағылған жастарда есеп жоқ. Қолдарында отаншылдық рухта жазылған түрлі ұнпақтар бар. Сол топқа ілесіп жатақханада бірге тұратын төрт қыз да бардық. Кеңестік билікке қарсы іштегі өкіле наз жастарды алаңға алып шықты. Осы бас көтеруден кейін КСРО-ның қабырғасы соғілді емес пе? Бұл көтерілістің негізгі қозғаушы күші болған жастардың көп бөлігі ауылдық жерлерден келген студент жастар. Олар іштегі жанайқайды алаңда жеткізіп, сол кездегі солақай саясаттың дұрыс жүргізілуіне назар аудартқысы келді. Алаңдағы ахуалға алаңдамау мүмкін емес. Өрімдей жастарды шашынан сүйреп, ұрып-соғып жатқанда қарап тұра алмайсың. Ол жерде менің ғана емес сондағы барлық студенттің намысы тапталып жатты. Ол алаңға жастар саналы түрде шықты. Бәрінің көңілінде тоталитарлық жүйеміз келіспеушілік бар. Себебі бұл жайт қазақтың ұлттық санасының оянғанының көрінісі болды. Желтоқсан көтерілісін тари-

хымызда орны бар ерекше құбылыстың бірі деп бағалауға болады. Дініміз бен ділімізге қауіп төніп, ана тілімізде көшеле сөйлесуге ұялатындай жағдайға кетіп бара жаттық. Бір қалада жалғыз қазақ мектебі қалды. Өрине, көтеріліске себеп Қонаевтың хатшылықтан түсіп қалуы дегенін өзінде, арғы жағындағы мәселелер жастардың ұлттық санасының оянуына алып келді. Оның түбі немен аяқталғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Бір айта кетерлігі, алаң бос қалмау үшін студенттер алмасып, келіп-кетіп жүрді. Үш күн бойы қақаған қыста далада тұрудың өзі оңай емес қой. Таяқ жегендері бір-бірі сүйреп әкеліп жатты. Батыр ұлттың қайсар өрендері жарарат алса да, қайта шеруге қосылғанын көрдік. Қолымызға ағаш алып, өзіңше қаруланған болдық, – дейді С.Иманғалиева.

Сауле Төлегенқызы оқуын бітіріп елге келген соң №43 орта мектепке қызметке орналасады. 1987 жылы жұбайы Бекмағанбет Нұрмановпен отау құрып, екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Ұлағатты ұстаз бүгінде екі немеренің әжесі атанып отыр. Ол желтоқсан оқиғасындағы жастардың ерлігі туралы шәкірттері мен немерелеріне ұдайы айтып отырады.

Расымен де Тәуелсіздік деген ұғым аса кастерлі қие. Бүгінде әлемде шамамен 2000-ға жуық ұлт пен этникалық топ бар екен. Қазіргі уақытта БҰҰ құрамында барлығы 195 тәуелсіз мемлекет тіркеліпті. Бұл 2000 ұлттың ішінде тек 200-і ғана тәуелсіз ел атанғанын білдіреді. Оның ішінде біздің де мемлекетіміз бар. Желтоқсан оқиғасы тәуелсіздіктің кастерлі құндылығын айғақтаған ақтандық кезең.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖАҢА КІТАП

Кітап авторлары ішкі істер саласының ардагері Әмір Шаймағамбетов пен белгілі қаламгер Нұрлыбек Саматұлы. Кітап жалпы көпшілік оқырманға арналған. Мың данамен жарық көрген детективті жанрдағы баслымда ішкі істер қызметкерлерінің басынан кешкен шытырман оқиғалары, олардың ерен ерліктері, жанкештілігі туралы жан-жақты баяндалады. Ел егемендікке қол жеткізген елең-алаң шақтағы шытырман оқиғалар желісі оқырманға көркем тілмен шебер жазылған.

Нақтырақ айтсақ, ұрыларды ұстау, есірткі сағатындар мен кісі өлтіргендерді құрықтау, адам жетіштерді полициялердің

қалай ұстағаны турасында жазылады. Авторлар детективті жанрдағы әңгімелерді жазғанда нақты деректерге, архив материалдарына, ардагер криминалистердің естелігіне сүйенген.

– Бұл тәуелсіздік күні қарсаңындағы теңдессіз тарту. Осы кітап жас жеткіншектерді тәлім-тәрбиеге баулиды. Кітап оқуға үндейді. Қылмыс – қоғамдық құбылыс саналады. Ол әрбір замандарда әртүрлі жағдайда болады. «Тәртіпсіз – ел болмайды» деген даналық сөз бар. Ел арасында болған оқиғалар бүкпесіз баяндалған. Ол сонысымен шынайы әрі құнды болып отыр, – дейді полиция полковнигі, сала ардагері Серікбол Қуатбайұлы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

30 жылдағы жетістік

2006 жыл.



Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бар күш-жігерін салып жүрген Қазақ елі осы жылы әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының екінші съезін шақырды.

2007 жыл.



Бұл жыл Қазақстандағы қоғамдық-саяси оқиғалармен есте қалады. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы мемлекет президенттік басқарудан президенттік-парламенттік басқару жүйесіне өтті. Осы жылы ЕҚЫҰ-ның Сыртқы істер министрлері кеңесі 2010 жылы аталған ұйымға Қазақстанның төрағалық ететінін жария етті.

2008 жыл.



2 сәуірде Алматыда Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың қатысуымен Бейжің олимпиадасы алауының эстафетасы ашылды. 8-24 тамыз аралығында Бейжіңде өткен XXIX Жазғы Олимпиадалық ойындарда Қазақстан құрамасы екі алтын, төрт күміс, жеті қола медаль алып, 204 мемлекеттің ішінен 29-орынды иеленді.

2009 жыл.




24-25 ақпанда халық санағы жүргізіліп, оның бір жылдан кейін жарияланған қорытындысы бойынша ел халқының саны 16 миллионнан асты. 21-23 наурыз күндері Наурыз мерекесі тұңғыш рет ресми түрде үш күн қатарынан тойланды. 12 желтоқсанда ҚР Президенті Н.Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао «Түрікменстан – Қазақстан – Өзбекстан – Қытай» газ құбырының қазақстандық бөлігін іске қосты.

2010 жыл.



Тарих беттерінде бұл жыл Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығымен есте қалды. Халықаралық қауымдастық тарапынан Ванкуверден Владивостокқа дейінгі территорияда орналасқан 56 елдің басын қосатын ұйымның жұмысына жоғары баға берілді. Ұйымның 11 жыл бойы өткізілмеген саммиті Елордада ұйымдастырылды. Білім мен ғылымға ерекше назар аударылып, жана зан мақұлданды. Елімізде халықаралық дәрежедегі тұңғыш білім ордасы – Назарбаев университеті ашылды.

2011 жыл.



30 қаңтар мен 6 ақпан аралығында Қазақстанда тұңғыш рет Қысқы Азия ойындары өтті. Спорт бәсекесінде еліміздің спортшылары 32 алтын, 21 күміс, 17 қола медальді иеленіп, құрлықтағы 26 елдің арасынан бірінші орын алды. Ақ Азияда қазақ қоғамына айрықша рухани серпіліс сыйлады.

2012 жыл.



Осы жылы Қазақстан алып құрылыс алаңына айналып, он мыңдаған жұмыс орындары құрылды. 22 қарашада Қазақстан 2017 жылы елде әлемдік көрме өткізу құқығына ие болды. Халықаралық көрме бюросы мүшелерінің қатысуымен Астана 103 дауыс жинады. Халықты жұмыспен қамту, қолжетімді баспана, өңірлерді дамыту, мемлекеттік қызмет көрсетуінің сапасын көтеру, басқарушылардың біліктілігі, сот және құқық қорғау жүйесі, адам капиталы, зейнет жүйесі, индустриалды жобалар, ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше ден қойды.

2013 жыл.



Қазақстан 2050 Стратегиясы

24 тамызында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының XX мерейтойлық сессиясы болып өтті.

2014 жыл.



Осы жылдың тамыз айында Үкіметте қайта құру жұмыстары өтті: 17 министрлік пен 9 агенттіктің орнына елде 12 министрлік және шамамен 30 комитет құрылды.

«ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТІМНІҢ ДЕ МЕРЕЙТОЙЫ»

30 жылдағы жетістік

Бұл көрініс тек Назымның отбасындағы ғана емес, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы барлық отбасына тән жағдай. Алай анық алмаған, пәтер жалдап күн кешкен жас отбасы, жұмыстан қысқарып, дағдарып қалған жағдай, «ертең не шеміз?» деген сауал әр отбасындағы нәзік жаннның жанарында жазулы тұрды. Алайда тұрмыс түйткілі жарқын болашақтан үмітті жандарды сыйдырмады. Олар енді ғана тәй-тәй басқан жас, тәуелсіз мемлекетпен бірге алға талпынды.

Мереке қарсаңында тәуелсіздік жылдарын өз тағдырымен байланыстыратын кейіпкерлерді іздеген едік. Сұрастыра келе қала тұрғыны Сәрсеновтер отбасын таптық. Күнәулет Сәрсенов пен Назым Сайлауованың шаңырақ көтергеніне биыл тура 30 жыл. Шағын мемлекетінің 30 жылы туралы естелік айтуға келіскен ерлі-зайыпты екеуі редакцияға бірге келіпті. Жол үстінде 30 жылдың әдемі естеліктерін еске түсірсе керек, жүздері қуаныштан нұрлана түскен. Екеуі бос келмейті, сол жылдардың күзіндей болған том-том отбасылық альбомдарды арқалай келді.

Осыдан отыз жыл бұрын, иә тура отыз жыл бұрын іргесі қаланған шағын мемлекеттің тарихы, бақытты жылдар мен дағдарыс кезеңі, бәрі-бәрі тәуелсіз елдің тарихындай айтқан сайын бір кітапқа арқау болатындай таусылар емес. Кезек-кезек сөйлеп, естеліктер тиегі ағытылғанда қуаныштан жанарлар жалт-жұлт етіп, кейде жас іркілген сөздер де болмай қалмады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтан, өмір соқпақтарынан сүрінбей өткен, тұрмыс қиындығына қажымаған осыдан отыз жыл бұрынғы уыздай жас отбасы бүгінде айтар ақылы бар, қоғамда өзіндік орны бар салықшы да салмақты азаматтар, ата-ана, тіпті ата-әже болған. Ең бастысы, мақсатына жеткен бақытты отбасы.

Өткен күн естелігін айту үшін олармен бірге отыз жыл бұрынғы күндерді кино лентасындай кері айналырдық...

Күнәулет: – Біздің танысуымыз да қызық болды. Әскерден келген соң облыс орталығындағы политехникумға оқуға тапсырдым. Емтихан қорытындысын жариялауға бір залға жиналды. Алфавит бойынша айтып жатыр. «С» әрпіне де кезек келді. С-дан басталатын әр фамилияны бірге қайталап, жүрек дүрсілдей соғады. Сайлауова,.... Сәрсенов! Уһ.. Тер бұрқ ете қалды. Жүрек жарылардай. Сол сәтте есік ашылды да екі қыз енгіге кірді. «Менің фамилиям айтылды ма? Кешігіп қалдым. Оқуға түстім бе? Сайлауованы айтыңыз ба?» дейді алға ентелей.

Сайлауова деген фамилияны анық естем. Ана қызды қуантқым келді.

«Сен оқуға түстің!» – дедім. Ол болса, маған көзің алартып бір

Басы 1-бетте

қарады да: – Сенен кім сұрады? – деді. Біздің таныстығымыз осылай басталған.

Назым: – «Оқуға түстің» деген жігітпен бір группада оқитын болып шықтық. Сабақ басталмас бұрын бізді егін жинауға көмекке жіберді. Бір группада 6 қыз, 25 жігіт, бір үйдің баласындай араласып кеттік. Өне-міне дегенше сабақ та басталды. Күнәулет, досы Орынбек, тағы бір жігіт үнемі бірге жүреді. Бір қызығы, үнемі жандарына мені қосып алады. Асханадан тамақтанатын болса жандарынан маған орын алып қояды. Ойымда ешнәрсе жоқ, бірге тамақтанамыз, бірге қыдырамыз. Сөйтсем, бұл жігіт маған сезімін білдіре алмай жүр екен ғой. Ол уақытта жігіттер өте мәдениетті, сыйлағы еді ғой. Бірінші курсты бітірген жылы тамызда екеуміз үйлендік, «П» әрпінің үлгісімен есік алдында жастар тойы өтті. Қазіргідей ас та төк той болмаса да сол кездегі тойлар өте қызық еді. Тек жастар тойы. Бір жылдан кейін тұңғышымыз Әлия дүниеге келді. Осылайша тәуелсіздікпен бірге іргесі қаланған отбасылық өмір жалғаса берді.

Күнәулет: – Екеуміз де техникумды қызыл дипломмен бітірдік. Ол кезде қызыл дипломмен бітіргендерге жоғары оқу орнына жолдама беретін. Алайда әкем өмірден өткен, жалғыз анамыз табысы жеткіліксіз, өзімнен кейін іні-қарындастарыма көмектесу керек. Онысы да қиын уақыт, екеуміздің қолымызда жолдама болса да Алматыға жоғары оқу орнына бара алмадық.

Назым: – Шынын айтпайын, «Тәуелсіздік алдық» дегенде қатты қуандық десек өтірік болар. Қуаныштан бұрын «енді не болады, болашағымыз қалай болады?» деген сұрақ болды. Екеуміз де қаладағы сәулетшілерге тапсырып орналаса бастадық. Тәуелсіздіктің қиын кездері де басталды. Талонмен азық-түлік алу, бүрсендеп нан кезегіне тұру, кезегін келгенше нан таусылып қалмауын тілеу, айлық кешігу секілді қиындықтарды бастан өткіздік. Түсініксіз уақыт болды. Екі бөпеміз бар, пәтер жағалап жүрміз.

Күнәулет: – Қазіргі Қорқыт ата ескерткішінің орнында бұрын жатаған тамдар болды. Ұзыннан салынған үй үш отбасыға бөлінген. Есігін алды үш сотық. Соны жалдап тұрдық. Қазір ескерткіш маңынан өткен сайын біз осы жерде тұрдық қой деп күліп еске аламыз.

Жайлап зауыт-фабрикалар жабылды, жұмыс орындары қысқара бастады. 1995 жылы «Ожнефтегаз» мекемесіне вахталық жұмысқа кірдім. Бұл – мұнай кеніштерінде вахталық жұмыстың басталған уақыты, әлі ашық-тесік кез. 15 күн жұмыс істеп келіп, 15 күн мекеменің қасасын аңдымыз... Айлығымыздың кішкентай бөлігін берсе, соған

отбасымызға азық-түлік алып беріп, қайтадан вахтаға кетеміз.

Назым: Ала дорба арқалап, зат сататын уақыт та осы кез. Жолдасым вахтадан келген соң, жинаған азын-аулақ тиын-тебенмен



МЕШІТТЕН СУ АЛУ – БІР БАҚЫТ...

Жалдаған пәтер қабырғасы бір жағына қисая түскен. Бір күні болмаса бір күні гүрс етіп құлайтынды. Екі бүлдіршінді сыртнан құлыптап, арбап су тасу – күнделікті айнымас тіршіліктің бірі. Жас ана күн сайын жолдың арғы бетіндегі «Айтбай» мешітінен су тасиды. Назым үшін бұл – үлкен бір бақыт. Имандылық үйіндегі жылы жүзді жаңдардың іліпінат білдіріп, күн сайын мешіт ішіне кіріп, қалағанынша су алуына рұқсат беруді өзіне жасаған үлкен жақсылық деп қабылдаған. Әйтпесе, талай отбасы қақпасынан ешкімді өткізбейтіні белгілі ғой. Бұл жақсылыққа алғысы ретінде жас келіншек Назым күн сайын мешіт ішіне кірген сайын суды төкпей-шашпай алу үшін ұқыпты болуға тырысып, аяғының ұшымен ғана кіретін. Мұндағы ойы – ешкімге зиян тигізбеу.

ҚЫМБАТ ЕТІКТІҢ ХИКАЯСЫ

Назымның сол жылдардағы естелігіндегі ұмытылмас сәт бұл. Базардан тандап жүріп, тәуір деген етік сатып алды. Үнемдеуге үйренген ол «кемінде екі-үш жыл киермін» деп ойлады. Қыстың аязды кешінде отбасымен бірге қонақтан келе жатқан. Кенет аяғын басқан сайын «қырт-қырт» еткен дыбыс қоса естіледі. Бұл дыбыс жүрген сайын ізінен қалар емес. «Не болып қалды?» деп аяғына үйілген. Сол сәтте қыстығып жылап жібере жаздады. Су жаңа етігі парша-паршасы шығып бөлініп кетті. «Дермантин етіктердің шыққан кезі ғой. Қайдан білейін» деп күліп еске алады. Бүгінде бір басанда бір емес, бірнеше аяқ киімі бар қазіргілер үшін бұл қарапайым нәрсе сияқты көрінгенмен, әр тиынның қадірін білген сол уақыт үшін етік сатып алудың өзі қалтаға салмақ болғанын осыдан-ақ байқауға болады.

Алматыдан ала дорбаны толтырып зат әкеле бастадық. Сол кезде шыққан қызыл кесе, электр шайнек, бульон және тағы басқа ұсақ-түйектерді әкеліп, жайма базарда отырамыз. Сол уақытта базарда үстел үстінде зат сатудың өзі мәртебе еді ғой. Жайма базарда отырып зат сатып, тиынның басын құрай бастадық.

Күнәулет: – 1995 жылы 90 мың теңгеге екі бөлмелі (полторкы) пәтер сатып алдық. Қуанышымызда шек жоқ. Бізден бақытты адам жоқ. Сол жылдары Қызылордаға қанадалықтар келіп, мұнайды игере бастады. Мекемені атауы «Харрикейн Құмқөл мұнай» деп өзгерді. Қанадалықтардың мұнай саласына келе бастаған кезі. Сол кезден бастап мұнайшылардың жағдайы жақсара бастады. Уақытылы жалақы беріліп, жаңа технологиялар келген кез. Компьютерді алғаш көріп, қызықтадық. Жай-мендеп үйіне бастадық. Қиын уақыттар жайлап артта қалып, елдің жағдайы бір қалыпқа түсе бастады.

Айтпақшы, бақытты отбасы туралы мақаламызды Назымның неке жүзінен бастап едік қой. Тығарықтан жол табуға тырысқан Назымның бұл шешіміне жолдасы қарсы болыпты. «Бұл жай алтын емес, некеміздің беріктігінің белгісі деп бағала. Қандай қиындық да бірге екеніміздің белгісі болсын. Бұл күндер де артта қалар», – деген жолдасының бір ауыз сөзі неке жүзінің бағасын арттыра түсті.

Соның да әсері болар, қандай қиындықты бастан өткерсе де жас отбасының бірлігіне ешқашан сызат түскен емес.

– Тәуелсіз мемлекет қандай болады деген сұраққа осыдан отыз жыл бұрын жауап таппасақ, осы уақытты күліп еске ала отырып, Тәуелсіздік бізді сынады да, шындады дер едім. Қандай қиындықты да жеңу үшін алға ұмтылдық, еңбек еттік. Қазір дастархан басына жиналғанда балаларыма «Осы уақыттың қадірін біліңдер. Барды бағалаңдар» – деп үнемі айтып отырамын дейді Назым.

Бұл – қазақ еліндегі бір ғана шағын мемлекеттің жүріп өткен жолы.

ОТЫЗ ЖЫЛ

Бұл – отыз жыл бұрын тәуелсіздік алған жас мемлекетпен бірге шаңырақ көтеріп, іргесін бекіткен бір қазақ отбасының естелігі. Елдегі қиындықты бірге көріп, шағын мемлекетінің болашағы жарқын болуы үшін, ондағы «тұрғындары» бақытты өмір сүруі үшін еңбекпен бақытқа жеткен жандар. Бүгінде «ерлің жасына» жеткен Күнәулет пен Назым ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Екі қызының бірі мұғалім, бірі дәрігер болса, ұлы «Теніз-Шевроил» компаниясында химик-инженер. Қос кейіпкеріміздің қос қызыл дипломы да сандықта қалмады. Екеуі де өздері қалаған мамандыққа қайта оралып, бүгінде білікті маман иелері. Шаңырақ иесі Күнәулет «Теніз-Шевроил» компаниясында электрик болса, Назым «Энергосервис» мекемесінде электр құрылғыларын тексеруші маман. Бұл саладағы санаулы әйелдердің бірі болуы да өз мамандығына деген адалдығы болса керек.

– Біз оқыған политехникумның маман даярлау әлеуеті ол кезде институттан кем емес еді. Бізбен бірге оқығандардың бәрі энергетика саласындағы білікті кадрға айналды. Ал бүгін қолына дипломын ұстап келген жоғары білімді жас мамандардың білім деңгейін көргенде қарнын ашды. Аға буынның ізін басар жас кадрлардың білім-білігіне алаңдаймын. Кадр дайындауға ерекше мән беру керек, – дейді Күнәулет Сәрсен.

Айтпақшы, бақытты отбасы туралы мақаламызды Назымның неке жүзінен бастап едік қой. Тығарықтан жол табуға тырысқан Назымның бұл шешіміне жолдасы қарсы болыпты. «Бұл жай алтын емес, некеміздің беріктігінің белгісі деп бағала. Қандай қиындық да бірге екеніміздің белгісі болсын. Бұл күндер де артта қалар», – деген жолдасының бір ауыз сөзі неке жүзінің бағасын арттыра түсті.

Соның да әсері болар, қандай қиындықты бастан өткерсе де жас отбасының бірлігіне ешқашан сызат түскен емес.

Бұл – қазақ еліндегі бір ғана шағын мемлекеттің жүріп өткен жолы.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



2015 жыл. 27 шілдеде Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды. Екінші қыркүйекте Қазақстан тарихындағы үшінші ғарышкер – Айдын Айымбетов ғарышқа самғап, халықаралық экипаждың құрамында Халықаралық ғарыш стансасына аттанды. Сондай-ақ Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы бүкіл республика және ТМД елдері арасында аталып өтті.



2016 жыл. 16 желтоқсанда Қазақстанның өз алдына егеменді ел болғанына 25 жыл толды. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған декларация жазылды. Сондай-ақ осы кезде ел астанасына Мемлекет басшысының есімін беру туралы ұсыныстар айтылды.



2017 жыл. Қазақстанда EXPO-2017 көрмесі ұйымдастырылды. Аталған көрме 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында елордада өтті. Оны тамашалауға әлемнің түкпір-түкпірінен 3 миллион адам келді. Ал көрмені өткізуге 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты. Осы жылдың 26 қазанында Мемлекет басшысының қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру туралы жарлығы қабылданды.



2018 жыл. 1 қаңтардан бастап Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етті. Төрағалықтың негізгі мақсаты Орталық Азия мен Ауғанстан бойынша құжат қабылдау болды. Кеңестің тұрақты емес мүшелері бұл қызметке кезекпен кіресі.



2019 жыл. Қазақстан үшін тосын оқиғаларға толы болды. 19 наурызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін тоқтаты. 9 маусымда кезектен тыс сайлау өтіп, 70 проценттен астам дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті болып сайланды.



2020 жыл. Бұл жыл еліміздің денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды. Дәрігерлер коронавирусы инфекциясына қарсы күрес жолында жана тәжірибе жинады және сабақ алды. Елімізде COVID-19-ға қарсы күрес үшін 15 жаңа модульдік жұқпалы аурулар ауруханасы ашылды. Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылды.



2021 жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты шаралар халыққа рухани серпіліс әкелуі қажет екенін айтты. Руханият саласындағы жұмыс бірнеше бағыттан тұрады. Солардың бірі – ұлт тарихында өшпес із қалдырған көрнекті тұлғалардың еңбегін насихаттау. «Мерейлі жылға бірнеше атаулы дата тұспа-тұса келіп отыр. Жыр алыбы Жамбылдың – 175, Алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың – 155, күш атасы Қажымқұанның – 150 жылдығы, тағы басқа бірнеше тарихи тұлғаның мерейтойы. Біз бұл мерекелерді өте мағыналы өткізіміз керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұл жыл тарихи және межелі жыл болмақ.

Түйін: Қорыта келгенде, 30 жыл деген тарих үшін аса көп уақыт емес. Осы жылдар ішінде еліміз басынан үш дағдарысты өткерген екен. Аталған қиын-қыстау кездері еліміздің шыдамдылығы мен төзімділігін қайрап, бірқатар басым батыл қадамдармен алға жетелеуде. Дайындаған: Ақмарал ОЛЖАБАЙ



30 жастағы капитан

технологиялар колледжіне оқуға түсіп, 2012 жылы техник-электрик мамандығын алып шығады. Жасынан білімге құмар, зерек жігіт келер жылы Көкшетау техникалық институтына оқуға қабылданып, тәжірибе алмасу бағдарламасы бойынша 2017 жылы Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс университетіне ауысады. Дал осы жылы институтты ойдағыдай бітіріп, үлкен өмірге қадам бастаған.

Оқу барысында ол білімімен, жан-жағына жайлы мінезімен, еңбекқорлығымен көзге түсіп, түрлі мәдени-қоғамдық шараларда бой көрсете бастайды. Сөйтіп жоғары оқу орындары арасындағы ұлттық-мәдени фестивальдерге қатысып, оқу орны басшылығы атынан бірнеше рет алғыс хат алған. Осы аралықта «Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің командалық-инженерлік институтына 80 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды. 2015 жылы университетте оқитын шетел студенттері арасында өткен долларда І орынды иеленді. Қай уақытта да еңбектен қашпайтын ол тіпті белгілі режиссер Ахан Сатаевтың Беларусьияда түсірілген «Анаға апарар жылы» фильмінің қосымша бөлімінде Ұлы

«Протон-2019», «Қорғау-2021» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларды дайындау және өткізуге белсене араласып, кәсіби біліктілігін жоғарғы деңгейде көрсетіп келеді. Былтыр тәжірибесін жетілдіру мақсатында Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығында даурықтан өтті. 2017-2019 жылдары Қызылорда облысы ТЖД «Жас құтқарушылар» клубының командасын республикалық жарыстарға дайындады. Бұл команданың жоғары көрсеткіше жетуіне тікелей әсер етті. 2020 жыл – Волонтерлер жылы болуына байланысты тәжірибелі маман облыстық волонтерлер фронт-офисінің «Үміт» бағыты жетекшісі болып сайланды. Жыл көлемінде жоғалған адамдарды іздеу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі жобаларға волонтерлерді тартып, нәтижелі жұмыспен көзге түсті.

– Тәуелсіздіктің арқасында ел тыныш, береке-бірлікте өмір сүріп жатыр. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты. Бүгінгі бейбіт, шуақты күндерімізді бағалай отырып, жаңа белестерді бағындыруға ұмтылу ұрпақтың басты мақсаты болуы керек. Мен де өз салам бойынша ел үшін аянай еңбек етемін, – дейді 30 жасар капитан.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектесітірі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ
Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Ақтөле БІТІМБАЙ
Газеттің келесі саны 21 желтоқсан, сейсенбі күні шығады.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖІПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖІПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарлауға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4424
Ақпараттық қызметі №1835
Нөмірдің кезекші редакторы Асан НҰРАЗҒАЛИ